6D090500 - Әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша
«Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту» тақырыбына жазылған Амирбекова Гулмира Есенбековнаның
Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

ПІКІР

Балалардағы аутизм спектрінің бұзылысы қазіргі уақытта дүние жүзінде кеңінен таралып келе жатқан дерттердің бірі. Осыған орай, дамуындағы бұзылыстардың ерекшелігіне байланысты АСБ бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қолдау жүйесін құру, әлеуметтік оңалтудың барлық түрлерін қолдана отырып олардың өмір сапасын жақсартудың өзектілігі туындап отыр. Диссертант зерттеу барысында аутист балаларды оңалту бағдарламаларының көп еместігі мәселесіне ерекше назар аударып, шет елдік тәжірибелерге, заманауи технологиялар мен тәсілдерге, пәнаралық тәжірибелерге ерекше мән береді. Автор АҚШ-тың Массачусетс штатындағы Биллерика мемлекеттік мектептерінің, оның ішінде инклюзивті сыныптары бар Parker Elementary бастауыш мектебінің аутист балалармен жүргізетін жұмыстары, қолданып отырған жаңа технологиялары мен әдіс тәсілдері туралы толық мағлұматтар береді. Жұмыста АҚШ пен Қазақстанда аутизм дертін емдеу жағдайлары, мамандардың балаларға қарым-қатынасы, әлеуметтік орта ерекшеліктері, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың бағыттары салыстыра отырып талданады.

Зерттеудің эксперименттік базасы ретінде Б. Өтемұратовтың жеке қоры қаржыландыратын «Асыл Мирас» аутистік спектр бұзылысы бар балаларға арналған орталық (Шымкент қаласы) алынған. Тәжірибелік зерттеулер 2017-2021 жылдар аралығында кезең кезеңдер бойынша жүргізілген.

Автор жеке бағдарланған тәсілді аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалтудың тұжырымдамалық негізі ретінде қарастырады. Балалардың тұлғалық ерекшеліктерін бағалауға бағытталған жаңа технологиялар жеке бағдарланған тәсілдің әлеуметтік оңалту практикасында қолданылуының маңызды екендігін көрсетеді.

Диссертанттың жұмысы теориялық және практикалық талаптарды ескере отырып, осы салада жазылып отырған жұмыстарға қойылатын негізгі талаптарды басшылыққа алады.

Г.Е. Амирбекованың 6D090500 - Әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы қазіргі уақытта өзектілігі артып отырған маңызды мәселені шешуге ерекше үлес қосатын ғылыми еңбек ретінде бағаланып, қорғауға ұсынылады.

Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-нің
Философия және саясаттану факультетінің
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының профессоры, ә.ғ.д. Әбдікерова Г.О.